



БҰЙРЫҚ

01.09.2022

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 265

город Караганда

Жауапты тұлғаны
анықтау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының 107-тармағына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі-қағидалар, *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып*), мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты және есепке алу қағидаларымен бекітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан, және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544)

БҰЙЫРАМЫН:

1. Әлеуметтік педагог Г. Ж. Райымбекова мынадай функцияларды орындау үшін жауапты тұлға болып тағайындалсын:

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар және басқа да санаттағы білім алушыларға материалдық және материалдық көмек алуға өтініштердің тізімін жүргізу ;